

# Бала сату-басты қоғам мәселесі!



«Алаш үні» ҚБО билер Кеңесінің мүшесі Молдағали Матқан — «ЖЕРІН сатқан билік, жетімін де, жесірін де, ҰЛТЫН да сатады»;

Бүгінде бала сатып байымақ болғандардың қатары күн санап артып бара жатқаны басын бүркемелесең аяғы ашылып қала беретін ақиқат екені анық. Күн сайын болмаса да күнара, тіпті апта аралатып осындай ақпарат оқитын халге жеттік. Жанды ауыртатын, жүйкені жұқартатын, жүрекке жүк түсіретін, естіген жанның жағасын ұстатарлық мұндай сұмдықтар соңғы әлетте тіптен өршіп кетті.




## Қанша қазақстандық бала мұхит асты?

Қазақстанның шетелдегі мекемелерінде консулдық есепте 7247 бала тіркелген. Олардың басым бөлігі, яғни, 5925 бала АҚШ-та өмір сүреді. Бұл ресми ақпарат. Шын мәнісінде Америкадағы қазақстандық балалардың саны жеті мыңға жетіп қалыпты. Болашақта олардан ұланғайыр жерімізге иелік ететін қаншама қазақ ауылы өрбитін еді. Осыдан барып, шетке бала беру мәселесі ең бірінші мемлекеттік қауіпсіздіктің әлсіреуіне ықпал етіп отыр деген ой түйесің. Миллиардтаған халқы бар Қытайдың өзі шетке бала беру мәселесіне аса сақтықпен қарайды. Аспан асты елінен бала алғысы келген шетелдік азаматтар үш жылдан бес жылға дейін кезек күтеді. Американдықтардың қазақ баларын асырап алуға құмартуы да заңымыздың осалдығын байқатса керек.



# Бүгінге дейін 6014 бала шет ел асыпты, олардың:



- ▣ 5308-і АҚШ азаматтарының үлесіне тиіп отыр.
- ▣ Бельгияға – 163, Ирландияға – 126, Испанияға – 152, Германияға – 59, Францияға – 45 бала жөнелтілген

## Америкадағы ҚАЗАҚ ауылы

Род-Айленд штатындағы ҚАЗАҚ ауылы қазақ қызы Сараны асырап алған Сюзан Саксонның бастамасымен және осында тұратын қазақ Жанат Байдаралиннің қолдауымен 2005-ші жылы ашылған. Жазғы лагерь. Шілде айынан бастап жұмыс істейді. Жайлауда бір апта бойы Америкадағы қазақстандық балалар қазақтың салт-дәстүріне қанығады. Жыл сайын мұнда АҚШ-тың 35 штатынан отбасылар жиналады. Қазақ ауылының басты мақсаты қаракөздердің қанындағы қазақылықты сақтап қалу. Қазақстанның АҚШ-тағы Елшілігі биылдан бастап Қазақ ауылына мұғалімдер жіберуді көздеп отыр. Бұл американдық азаматтар асырап алған қазақ балаларының тілі, діні, ділінен, мәдениетінен ажырап қалмауы үшін ұйымдастырылып отырған бастама. Елшілік қазақ тілін үйрету арқылы балалардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіреміз деген ниетте.

## Род Айленд. Крэнстон қаласы. Сәкен-Колин Моровиц.

Сәкен Америкаға үш жасында келген. Оны да асырап алған отбасы қазір бөлек тұрады. Сәкен көбінесе әкесінің жанында болады. Мамандығы адвокат Дэвид Моровицтің Сәкенге дейін туған екі баласы бар. Бірақ олар ер жеткен соң өз жөндерімен кетіпті. Қазір американдық азаматтың жалғыз жұбанышы да, қолғанаты да қазақ баласы. Сәкен қазір он жасқа келді. Хан сарайындай үйде тұрады, спортпен айналысады, өз қатарластарының алды. Дэвид Моровиц оны Америкадағы беделді деген жоғарғы оқу орындарының бірінде оқытамын, оның болашағы керемет болады дейді. «Егер есейгенде Қазақстанға кетем десе, туған ата-анамды іздеймін десе қарсы тұрмаймын, көмектесем. Бірақ бәрібір менің жүрегім ауырады, бұл жайында ойлағым келмейді. Ұлымнан айырылғым келмейді. Оны асырап аларда балалар үйінің басшысына Сәкен-Колин есейген соң, Қазақстанға апарамын деп сөз бергенмін. Сол уәдемде тұрамын», - дейді Дэвид Моровиц.

# Нарықтағы нәресте құны:

Нигерияда – 6400\$

Қытайда – 7800\$


Малайзияда – 6588\$

Солтүстік кавказда – 17500\$

Қытайда үл балаға сұраныс жоғары – 14 473\$

Канада ата-анасына 50\$, сатушыға 300\$ ұсынылады

Қазақстанда бұл сома 100 мың теңгеден басталады







# Ата-анасы 5 жасар қыздарын 700 мың теңгеге сатқан

Ақтөбеде бес жасар қыздарын  
сатпақ болған ерлі-зайыптылар  
ұсталды



Адам саудасы - әлемде есірткі, қару-жарак сатудан кейінгі кең тараған қылмыстық бизнес түрі



**Назарларыңызға рахмет!**